

Асқар шыңдарды бағындыруды өмірлік мақсат еткен жандар болады. Құс қанаты жетпейтін шыңдарға шықсам деген олардың жүрекжұтқан батырлығына бас имеске болмас. Ал жерасты тереңдігіне бойлауға бекінген адамдар туралы естігеніңіз бар ма?! Мұны армандайтын жан сірә де табылмас, бірақ жерлестеріміздің арасында күнделікті 400 метр тереңдікке түсіп, сол арада өндірістік қажеттілікке байланысты жұмыстар жүргізетін жандар бар. Шахтер деп аталатын осынау абыройлы мамандық иесінің бірі, «Богатырь Көмір» ЖШС-і жерасты тау-кен өткелдері учаскесінің электрдәнекерлеушісі Қуандық Жандильдинмен біз кәсіби мейрам қарсаңында жүздестік.



Еңбектің зейнетін көргенге не жетсін!

Самайына ақ кірген ел ағасынан бірден «Шахтер болуды армандап па едіңіз?» деп сұрадық. – Жоқ, туған ағам Қарағанды шахтасында еңбек етті. Әскерден келген мені ол өзі жұмыс істейтін ұжымға шақырды. Ол кезде үкімет шахтерлерге ерекше назар аударатын. Жалақысы жоғары абыройлы жұмыс деп мен де ұсынысты бірден қабылдадым. Және де оған ешқашан өкінген емеспін, – деп бастады әңгімесін Қуандық Қабиденұлы. – Содан бері зулап 34 жыл өтіпті. Екібастұзға 90-жылдардың басында қоныс аудардық. Мұнда да ойланбастан көмір кенішіне жұмысқа тұрдым. Қарағанды шахтасында жерасты электрдәнекерлеуші болып едім, «Богатырьде» де өзім қырсырын жақсы білетін жұмыспен айналысуға кі-

рістім. Әлі де табан аудармай сол жұмысты істеп келемін.

Күнделікті 400 метрлік тереңдікте Қуандық Қабиденұлы өз әріптестерімен бірге жерасты шахтасын дренаждау, шахтадағы электр құрылғыларын жөндеу, жаңасын монтаждау жұмыстарын атқарады. Жауапкершілігі мол, мұқияттылықты талап ететін жұмыс. Қауіпсіздік шараларын да қатаң сақтау қажет. Жұмыскердің денсаулығы да мықты болғаны абзал. Ал жерасты шипажай емес. Адам ағзасына әсер етпей қоймайды. Әлбетте компания өз жұмыскерлерінің денсаулығын сақтау шараларын мұқият орындап отырады. Қуандық ағаның айтуынша, шахтерлер қауымы көп жағдайда зейнет жасына жетіп, көпжылғы еңбегінің жемісін көрер дер шағында денсаулығы нашарлап кетеді екен. «Қарап

отырсақ, өзіммен бірге жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан жандардың біразы бірер жылдан соң о дүниелік болып кете барады. Тіпті зейнетінің рахатын татып та үлгермейді. Үкімет шахтер сияқты мамандықтардың зейнет жасын қайта қарастырса деген тілегіміз бар. Еңбектің зейнетін көргенге не жетсін!», – деп Қуандық Қабиденұлы әріптестерін алаңдатқан мәселені тілге тиек етті.

Байсалды мінезімен ұжымына сыйлы аға жары Татьянамен бірге үш баланы мәпелеп өсіруде. Қыздары Арина мен Камила – ата-анасының мақтанышы, қолқанаты. Ал ұлы Есен бастауыш сыныпта оқиды. Балаларының туған елге, сүйікті қаламыз – Екібастұзға пайдасы тиер азамат болып өскенін қалайды. «Сондықтан мамандық таңдау мәселесінде балаларымның өз қалауы болады», – дейді кейіпкеріміз.

Дайындаған: Манар Ерботина, «Богатырь Көмір» ЖШС-і мемлекеттік тілді дамыту тобының басшысы